



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 12 ақпан № [REDACTED] іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрамында:
төрағалық етуші судья [REDACTED],
сот отырысының хатшысы [REDACTED] қатысуымен,
ашық сот отырысында элетрондық форматта қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

[REDACTED]

ЖАУАПКЕР:

[REDACTED]

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Әкелікті анықтау
2. Алимент өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

талап қоюшының өкілі А.Ғ.Ғалым
жауапкер [REDACTED]

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Туу туралы куәлікке сәйкес, талап қоюшы 2021 жылғы 06 шілдеде [REDACTED] есімді бала туған.

Тараптар кәмелетке толмаған [REDACTED] қатысты әкелікті анықтау туралы бірлескен арыздарымен тіркеуші органға жүгінбеген.

Баланың туу туралы куәлігінде «Әкесі» деген баған бос қалдырылған, «Анасы» бағанында – "[REDACTED]", - деп көрсетілген.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, талап қоюында 2016 жылдан бастап азаматтық некеде тұрып, алайда олардың араларындағы неке ресми тіркелмегенін, жауапкерден жүкті болып, 2021 жылғы 06 шілдеде [REDACTED]

есімді бала дүниеге келгенін. Қазіргі таңда бірге тұрмайтынын, жауапкер баланың әкесі бола тұра, балаға қатысты әкелігін танудан белгісіз себептермен бас тартқанын көрсетіп, жауапкерді баласының әкесі деп танып, оны асырап-бағуға жауапкердің барлық табысының 1/4 (төрттен бір) бөлігі мөлшерінде алимент өндіруді сұраған.

Сотқа жауапкерден талап қоюға жазбаша қарсы пікір түспеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі қойған талабын және онда көрсетілген уәждерді қуаттап, талап қоюды толығымен қанағаттандырып, сот шығыстарын толығымен жауапкерден өндіруді сұрады.

Жауапкер сот отырысында талап қоюшының әкелікті анықтау және алимент өндіру туралы талап қоюын мойындайтынын, баланың әкесі деп тануға қарсылығы жоқ екенін көрсетіп, бұл туралы арызын ұсынды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 47-бабы 5-бөгіне сәйкес, баланың анасымен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) адамның әке болуы баланың әкесі мен анасының тіркеуші органға бірлесіп өтініш беруі арқылы анықталады.

Кодекстің 48-бабына сәйкес бір-бірімен некеде тұрмайтын (ерлі-зайыпты емес) ата-аналардан бала туған жағдайда және ата-аналарының бірлескен өтініші немесе баланың әкесінің өтініші болмаған кезде баланың нақты адамнан туу тегі (әкесі) ата-аналарының біреуінің, бала қорғаншысының немесе қамқоршысының өтініші бойынша немесе баланы асырап отырған адамның өтініші бойынша, сондай-ақ бала кәмелетке толған соң оның өз өтініші бойынша сот тәртібімен анықталады. Бұл ретте сот баланың нақты адамнан туу тегін дәйекті түрде растайтын айғақтарды назарға алады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 171-бабына сәйкес жауапкер сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарға жазбаша арыз беру арқылы талап қоюды толық немесе оның бір бөлігін мойындауға құқылы.

Жауапкердің талап қоюды мойындауы сотты дәлелдемелерді зерттеу міндетінен босатады. Талап қоюдың бөлігі мойындалған жағдайда дәлелдемелерді зерттеу жауапкердің талап қоюды мойындамаған бөлігінде ғана жүргізіледі.

Сот отырысына жауапкер 2021 жылғы 06 шілдеде [redacted] [redacted] әкесі екенін толық мойындап, ол туралы арызын сотқа ұсынды.



Сот, [REDACTED] талап қоюды мойындауын қабылдайды, себебі жауапкердің бұл әрекеті заңға қайшы келмейді және қандай да біреудің құқықтарын мен заңды мүдделерін бұзбайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Баланың туу тегін анықтауға байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысының 19 тармағына сай, әке болуды анықтау туралы немесе әке болуды тану фактісін, әке болу фактісін анықтау туралы заңды күшіне енген соттың шешімі әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу үшін негіз болып табылады.

Әке туралы мәліметтерді енгізу, сонымен қатар баланың тегін, атын, әкесінің атын өзгерту сот шешімінде көрсетілген деректерге сәйкес жүзеге асырылады.

Баланың әкесі туралы мәліметтер әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу фактісін және әке болуды тану фактісін анықтау туралы сот шешімінде көрсетілген деректерге сәйкес әке болуды анықтау туралы актінің жазбасына енгізіледі.

Әке болуды анықтау туралы акт жазбасының негізінде баланың әкесі туралы мәліметтер баланың тууы туралы актінің жазбасына да енгізіледі.

Сонымен қатар, Кодекстің 138-бабына сәйкес ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

Кодекстің 139-бабына сәйкес алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

Кодекстің 164-бабына сәйкес алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап тағайындалады.

Талап қоюшы осы талап қоюымен сотқа 2024 жылғы 25 қаңтарда жүгінген.

Жоғарыдағылардың негізінде, сот жауапкер [REDACTED] кәмелетке толмаған [REDACTED] әкесі деп танылуға және баланы асырап бағуға талап қоюшының пайдасына ол арызбен жүгінген күннен бастап бала кәмелетке толғанша ай сайын жауапкердің табысының және (немесе) өзге де кірісінің 1/4 (төрттен бір) бөлігі мөлшерінде алимент өндіріп алынуға жатады деп табады.

АПК-і 243-бабының 1) тармағына сәйкес алименттер алып беру туралы шешімдер дереу орындалуға тиіс.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.



АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған алимент өндіру туралы талап үшін мемлекеттік баж мемлекет кірісіне сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден өндіріліп алынады.

АПК-нің 113-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот пайдасына шешім шығарылған тараптың өтінішхаты бойынша процеске қатысқан және осы тараппен еңбек қатынастарында тұрмаған өкілдің (бірнеше өкілдің) көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарын тараптың іс жүзінде жұмсаған шығыстары мөлшерінде басқа тараптан алып береді. Мүліктік емес сипаттағы талаптар бойынша шығыстар сомасы ақылға қонымды шектерде өндіріліп алынады, бірақ ол үш жүз айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Талап қоюшы жауапкерден өзінің пайдасына өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша 270 000 теңге шығыстарын өндіруді сұрап өтінішхат келтіріп, заңгерлік көмек көрсету туралы келісім-шарты мен төлем квитанциясын ұсынған.

Істің мұндай тұрғысында, сот, талап қоюшының пайдасына жауапкерден мемлекеттік баж үшін төлеген 1 846 теңгесін, өкілдің көмегіне 270 000 теңге, жалпы сомасы 271 846 теңге сот шығыстарын өндірген жөн деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы [REDACTED] жауапкер [REDACTED] әкелікті анықтау, алимент өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

1982 жылғы 19 наурызда туған [REDACTED] кәмелетке толмаған 2021 жылғы 06 шілдеде туған [REDACTED] әкесі деп танылсын.

2021 жылғы 06 шілдеде туған [REDACTED] туу туралы актілерді тіркеу кітабындағы 2021 жылғы 10 шілдедегі № [REDACTED] жазбасына әкесі [REDACTED] екені туралы толық мәліметтер енгізілсін.

[REDACTED] пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1 846 теңге, өкілдің көмегіне төленген 270 000 теңге шығындары, жалпы 271 846 (екі жүз жетпіс бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасындағы сот шығыстары өндірілсін.

[REDACTED] пайдасына кәмелетке толмаған 2021 жылғы 06 шілдеде



туған [REDACTED] кәмелет жасына толғанға дейін асырап-бағу үшін 2024 жылғы 25 қаңтардан бастап ай-сайынғы табысының және /немесе/ өзге де кірісінің 1/4 (төрттен бір) бөлігі мөлшерде алимент өндірілсін.

[REDACTED] мемлекеттің кірісіне 10 516 (он мың бес жүз он алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімнің алимент өндіру бөлігі тез арада орындауға жолдансын.

Шешімге наразы болған тарап Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья [REDACTED]

